

КІРІСПЕ

Фармация сияқты күрделі саладағы табысты қызмет, халыққа дәрілік көмекті ұйымдастырудың айқын тұжырымдалған қағидаттарынсыз мүмкін емес, бұл өз кезегінде фармацевтикалық қызметті ұйымдастырудың тарихын терең және егжей-тегжейлі зерделеу қажеттілігін және оны жетілдіруге ұмтылуды негіздейді.

Бүгінгі күні денсаулық сақтау құрылымындағы фармацевтің рөлі дәрігердің рөлі сияқты маңызды болып табылады. Әрдайым осылай болған және келешектеде солай болып қалады, сондықтан советтік дәуірде Қазақстанда дәргерлік қызмет және дәрімен емдеу қызметі қалай жүргізілгеніні, емдеушімен емделуші және фармацевт арасындағы қарым-қатынас қалай қалыптасқаны туралы тарих айтарлықтай қызығушылық тудырады.

"Ұлы даланың жеті қыры" мақаласында біздің Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа тарихи дүниетанымның тарихи білімі, қалыптасуы мен ғылыми негіздемесі қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі факторы болып табылатынын атап өтті [1].

Бүгінгі күні бүкіл әлемде ғылым өзінің дамуының сапалы жаңа деңгейіне шығып, айтарлықтай қайта құрылуға ұшырап, зерттеу әдістемесі мен техникасын өзгертті. Қазіргі Қазақстан - бұл соңғы жылдар бойы өзін заманауи әлемнің жаһандық үдерістерінің толыққанды қатысушысы ретінде табысты ұстанатын, әлемдік аренадағы өзінің бірегей орнын айқындайтын және бекітетін мемлекет. Сондықтан тарих мәселелері бірінші орынға шыққаны дұрыс.

"Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Архив-2025", "Ұлы даланың ұлы есімдері" парк-энциклопедиясы, "Ұлы даланың көрнекті тұлғалары" ғылыми-танымал сериясы сияқты және т.б. әртүрлі тарихи жобалар жүзеге асырылуда. Орталық Қазақстан мен басқа да өңірлердің фармацевтикалық саласының қалыптасу және даму тарихын зерттей отырып, алынған мәліметтер көптеген қазақстандықтарға қызықты болады деп үміттенеміз, өйткені деректер мен құжаттарды жинау бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында еліміздің әрбір өңірінде тарихи және рухани мұраны сақтау ерекше маңызға ие.

Ғылыми еңбектер мен мұрағат материалдарын, оның ішінде фармация тарихы бойынша негізгі оқулықтарды талдау, С.Х. Субханбердиннің ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ ССР фармация тарихы сипатталатын диссертациялық жұмыстарынан басқа отандық фармацияның қалыптасуы туралы іргелі зерттеулердің жоқ екендігін көрсетті.

Осы зерттеудің өзектілігі мен жаңалығы қойылған проблеманың жеткіліксіз зерттелуімен ғана емес, сонымен қатар қазіргі және болашақта өткен тәжірибені пайдалану мүмкіндігімен де айқындалады. Алынған деректер отандық медицина мен фармацияның тарихи даму жолдары туралы бар материалдарды іздеудің, жинаудың, талдаудың, жинақтаудың және жүйелеудің өткен мен қазіргі заманғы тұтас бейнесін жасау үшін аса маңызды екендігін куәландырады. Өз өлкесінің тарихын, өткен жылдардағы дәрігерлер мен фармацевттердің тағдырын білу ғылыми және практикалық маңызы бар. Отандық фармация тарихын зерттеу қажеттілігі туралы көптеген ұйымдастырушылар мәлімдеген болатын, олардың арасында Қарағанды облыстық дәріхана басқармасының бастығы К.Ж. Тоқсанбаев пен Ақтөбе облыстық дәріхана басқармасының бастығы А.Е. Санатов болды. Бірнеше жыл бұрын профессор, ф.ғ.д. Вячеслав Григорьевич Переверзев Қазақстан облыстарының фармация тарихын зерттеуді ұсынды. Ол "тарихты жазбаша бекіту - бұл тек ұрпақтарға өнеге ғана емес, бұл оқиғаларды, фактілерді талдау, нарықтық жағдайларда қателерді болдырмау мүмкіндігі. Асығу қажет: өткен жылдардағы Қазақстан фармациясының даму тарихының тірі куәгерлері (және қатысушылары) өмірден кетеді; арандату және бұрмалау істері болуы мүмкін; мұрағаттық материалдар жойылады. Соңғы дерек ең қорқынышты, өйткені құжаттарсыз тарихи сурет қалпына келтірілмейді, оның үстіне, ол ресми түрде мойындалмайды" [2,3].

Өкінішке орай, В.Г. Переверзевтің болжамдары расталды, өйткені мұрағаттарда, мұражайларда және кітапханаларда дереккөздерді іздеу барысында біз үлкен қиындықтарға тап болдық. Сонымен қатар тапқан мұрағаттардағы деректерден Қарағанды қаласының №1 дәріханасын ашу, Семей қаласының дәріханаларын ашылу жылдары бойынша туралы деректерді табу және қайтадан жасауға мүмкін емес, ал Жезқазған мұрағаты 1973 жылға дейін дәріханалар туралы деректер жоқ екені туралы анықтама берді және т.б.

Сондықтан өткен жылдар оқиғаларының көзі Қарағанды өңірі бойынша, тірі куәгерлердің, өткен жылдардағы фармация тарихына қатысушылардың естеліктері болды, оларды зерттеумен тек монографияның авторы ғана емес, сонымен қатар тартылған студенттер, тәжірибелік қызметкерлер де айналысты. Үлкен іздеу жұмыстары жүргізілді. Тек Қарағанды облысы бойынша ол 10 жыл бойы созылды, өйткені сол кездегі көптеген куәгерлер жоқ. В.Г. Переверзевтің өзі де жоқ, К.Ж. Токсанбаев және Қазақстанның фармацевтикалық ісінің басқа да талантты ұйымдастырушылары да жоқ, көпшілігі алыс немесе жақын шетелдерге тұрақты тұруға кетті.

Біздің зерттеу мақсатымыз отандық фармацияның қалыптасу және даму тарихын білу болды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тарихи құбылыстарды тануда дидактикалық әдіс қолданылды. Зерттеудің негізіне объективтілік принциптері алынған.

Зерттеу әдістері:

1. Мұрағаттарда, кітапханаларда мерзімді баспасөзде және басқа да көздерде табылған материалдарды контент-талдау, іздеу, жинау, өңдеу және талдау.

2. Өлеуметтік зерттеулер (өткен жылдардағы тірі куәгерлермен сауалнама, интервью және сұхбат).

Монографияның практикалық маңыздылығы:

- студенттерге - отандық фармация тарихын, Қазақстандағы дәрітану мен емдеу бастауларын білу үшін;

- оқытушыларға - оқу процесіне енгізу үшін;

- ғылыми қызметкерлерге - ғылыми қызметте, магистратурада, докторантурада оқуда, курстық және дипломдық жұмыстарды қорғауда пайдалану үшін;

- практикалық қызметкерлерге - өткеннің тәжірибесін, жұмыстың озық нұсандары мен әдістерін, кеңес кезеңіндегі еңбекті ғылыми ұйымдастыруды практикалық қызметте пайдалану үшін.

Монографияның материалдары ғылыми, практикалық қызметкерлерге, сондай-ақ фармация тарихы мәселелерімен айналысатын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға өз білімдерін толықтырып қана қоймай, отандық фармация тарихы туралы белгісіз тарихи деректерді іздестіруді жалғастыруға көмектеседі. Бұдан басқа, қойылған мәселе болашақ жас ғалымдарға оны кешенді зерттеу, көрсетілетін фармацевтикалық

қызметтердің деңгейі мен сапасын қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес анықтау қажеттігі туралы кеңес береді.

Жиналған деректер толық емес, өйткені Қазақстанның барлық өңірлері қамтылмаған, бұл елдің барлық өңірлерінде фармация саласындағы студенттер мен практикалық қызметкерлер үшін өткен жылдардың нақты оқиғаларын қалпына келтіру мақсатында өз өлкесінің фармациясының қалыптасуы мен дамуы туралы ақпаратты жинау бойынша іздестіру жұмыстарына белсенді қатысуға жаңа мүмкіндіктер ашады.